

FTAMP 16.21.31:

А.А. Сейітбекова 

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: Ainurseit@mail.ru

Ф ӘРПІНІҢ ҚАЗАҚ ӘЛПБИЛЕРІНЕ АЛЫНУ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация. Аталмыш мақалада *ф* әрпінің фонетика-орфографиялық, грамматологиялық мәселелері қарастырылады. Латынграфикалыжаңа әліпби құрамына енген кірме таңбалардың бірі – *Ff* әрпі туралы тилтанушығалымдардың пікірлері әртүрлі. Бірқатар ғалымдар *f* әрпі бар кірме сөздер қазақ тілінің дыбыстық ерешеліктеріне сәйкес келмейді, яғни бұл әріпті фонетикалық принцип бойынша *p* әрпімен игеру керек десе, ал кейбір ғалымдар *f* әрпі қазақ тілінің артикуляциялық базасында орын алған, сондықтан жаңа әліпбидің құрамына енуі керек деген ұсыныстар айтады. Тілімізде қолданылатын *ф* әрпі бар сөздер араб, парсы тілінен және орыс тілі арқылы енген еуропа сөздерінде кездесетіні белгілі. Сондықтан зерттеу жұмысымызда лингвостатистикалық талдау әдістері негізінде нормативтік сөздіктердегі *ф* әрпі бар діни және орыс тілі арқылы енген еуропа сөздерінің қолданысы (қазіргі қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігі және 30 томдық салалық терминдер сөздігі) талданады. Аталмыш әріптің діни дикурстағыерекшелігі және ономастикадағы қолданысы айқындалады. *Ф* әрпінің жетілдірілген жаңа әліпби құрамына алынудың себептері аталады. Ұсынылған зерттеу жұмысы кірме сөздерді игеру мәселесін талдауда пайдалануға болады.

Тірек сөздер: әліпби, «ф» әрпі, дыбыс, кірме сөздер, діни дискурс, игеру, араб және парсы сөздері.

А.А. Сейтбекова

Институт языкознания имени Ахмета Байтұрсынұлы, Алматы, Казахстан
E-mail: Ainurseit@mail.ru

ОСНОВЫ ВКЛЮЧЕНИЯ БУКВЫ «Ф» В КАЗАХСКИЕ АЛФАВИТЫ

Аннотация. В данной статье рассматриваются фонетико-морфологические, грамматологические проблемы буквы *Ф*. Так как, существуют разные мнения среди языковедов о заимствованной буквы – *Ff*, вошедший в состав нового латинграфического алфавита. Ряд ученых считают, что заимствованные слова с буквой *f* не соответствуют звуковым особенностям казахского языка, т.е. букву необходимо освоить буквой *p* по фонетическому принципу, а некоторые ученые предлагают, что буква *f* имеет место в артикуляционной базе казахского языка и поэтому должен быть включен в состав нового алфавита. Известно, что слова с буквой *ф*, используемые в нашем языке, встречаются в заимствованных словах из арабского и персидского языков, и в европейских словах, вошедших через русский язык. Поэтому в нашей исследовательской работе на основе методов лингвостатистического анализа анализируется упот-

ребление религиозных и европейских слов с буквой *f* в нормативных словарях (15-томный словарь современного казахского литературного языка и 30-томный словарь отраслевых терминов). Определяется специфика данной буквы в религиозном дискурсе и ее применение в ономастике. Называются причины включения буквы *f* в состав нового алфавита. Предложенная работа исследования может применяться в работах, посвященных проблемам адаптации заимствованных слов.

Ключевые слова: алфавит, буква «ф», звук, заимствованные слова, религиозный дискурс, арабские и персидские слова.

A.A.Seitbekova

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

E-mail: Ainurseit@mail.ru

THE BASICS OF INCLUDING THE LETTER «F» IN THE KAZAKH ALPHABETS

Abstract. This article discusses the phonetic-morphological, grammatical problems of the letter F. Since there are different opinions among linguists about the borrowed letter – *Ff*, which is part of the new Latin alphabet. A number of scientists believe that borrowed words with the letter f do not correspond to the sound features of the Kazakh language, i.e. the letter must be mastered by the letter p according to the phonetic principle, and some scientists suggest that the letter f takes place in the articulatory base of the Kazakh language and therefore should be included in the new alphabet. It is known that words with the letter f used in our language are found in loanwords from Arabic and Persian, and in European words that entered through the Russian language. Therefore, our research work analyzes the use of religious and European words with the letter f in normative dictionaries (the 15-volume dictionary of the modern Kazakh literary language and the 30-volume dictionary of industry terms) based on the methods of linguistic and statistical analysis. The specifics of this letter in religious discourse and its application in onomastics are determined. The proposed research work can be used in works devoted to the problems of adapting borrowed words.

Key words: alphabet, letter «f», sound, loanwords, religious discourse, Arabic and Persian words.

Кіріспе. 2017 жылы сәуір айында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы жарияланғаннан бері елімізде латын әліпбиіне негізделген әліпби жобалары әзірленіп, әліпби құрамындағы кейбір әріптерге, кірме сөздердің емлесіне байланысты түрлі форматтағы кешенді талқылаулар мен семинарлар өткізілді. Дегенмен әлі де әліпбидегі кейбір таңбаларға қатысты өз шешімін таппай жатқан мәселелер баршылық. Себебі жаңа әліпби ұлттық тіліміздің ерекшелігіне, заман сұранысына, технологиясына сай жүйелі, ыңғайлы, тиімді болуы үшін егжей-тегжей қарастырылуы керек. Ал тиімді әліпби өз кезегінде сауатты жазып-сызуды бірден қалыптастырып кетуге мүмкіндік береді. Әліпби әзірлеуде бірқатар мәселелерді қамтиды, ең маңыздылары – лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар (Амирова Т.А.). Экстралингвистикалық факторлар арасында саяси және ұлттық-мәдени сипаттағы пікірлер міндетті түрде ескеріледі. Атап айтқанда, тілдің «әлеуметтік

мәртебесін», оның көрші тілдермен байланысын, диалектикалық жағдайды және т. б. ескерілу қажет (Welsh J.W., Jones D.).

Қазіргі таңда әліпби құрамындағы кірме әріптер туралы мәселе күн тәртібінен түскен жоқ. Соңғы ұсынылған «Жетілдірілген әліпби» жобасындағы кірме *ф*, *х*, *в* әріптері туралы түрлі пікірлер мен ұсыныстар түсіп жатыр. Сондықтан аталмыш кірме әріптердің ішінде *ф* әрпінің қазақ әліпбилеріне алыну негіздерін ескере отырып, жаңа әліпби құрамына енгізу немесе енгізбеу мәселесін қарастыруды қажет етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Жаңа әліпби құрамындағы *ф* әрпін талдауда қазақ әліпбиі тарихын сипаттауда А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кенесбаевтың еңбектері ескерілді. Кірме сөздерді игеру, орфографиялау мәселтсімен айналысқан академик Р.Сыздық, Н.Уәли, З. Базарбаева, Қ.Күдерінова А.Фазылжанованың еңбектері басшылыққа алынды. Әліпби әзірлеу мәселесі, кірме сөздерді, оның ішінде діни дискурстағы лексикалық бірліктерді игеру мәселесімен айналысқан орыс, түркі, шетел ғалымдарының еңбектері мен сөздіктері пайдаланылды. Атап айтқанда, В.В. Решётов «Өзбек тілі», Nəriman Fərman oğlu Seyidəliyev «Діни терминдер лұғаты», J.W. Welsh «Алфавит эволюциясындағы лингвистикалық факторлар», D. Jones «Үндістандағы ұлт мәселелері», Н. Валгина «Қазіргі орыс тіліндегі белсенді процестер», Т.А. Амирова «Жазбаша және дыбыстық тілдің өзара функционалдық байланысы», т.б.

Зерттеу материалдары ретінде «Қазіргі қазақ әдеби тілінің он-бес томдық сөздігі» мен 30 томдық салалық терминдер сөздігі және 2017 жылы жарияланған А. Байтұрсынұлы институты мамандарының «Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу)» атты ұжымдық монографиясы пайдаланылды. Аталмыш жинақта зерттеу тақырыбына қатысты латын графикасы негізіндегі ономастикалық анықтамалықтың проспектісі ұсынылған.

Зерттеу барысында сипаттау әдісі, салыстырмалы, диахронды-синхрондық, лингвостатистикалық талдау әдістері қолданылды. Ұсынылған зерттеу жұмысының нәтижелері жаңа әліпби құрамына *ф* әрпін енгізу/енгізбеу мәселелерін және кейбір кірме сөздерді игеру мәселесін талдауда пайдалануға болады.

Әдебиетке шолу

Ф әрпінің грамматологиялық сипаттамасына назар аударатын болсақ, алғаш рет араб (қадим, жадид) жазуында *фа* (ف) таңбасы арқылы берілген. VIII ғасырда бастапқы енген кезінен бастап XX ғасырдың алғашқы кезеңіне дейін араб, парсы сөздерінің түпнұсқасы сақталып жазылды. Себебідің сарындағы поэзиялық шығармаларда, ресми іс-қағаздарында араб сөздерін дәл жазу дәстүрге айналған еді. Араб жазуындағы киелі, қасиетті, конондық тіл деп саналатын құран тілінің орфографиялық нормасын өзгертпей жазу принципі болды. Мәселен, *уазифа* – міндет, борыш), *фасу* (уасиф – келбет, дидар), *ульфат* (улфәт – достық қарым-қатынас), *факих* – *шаригат заңының білгірі*), *фалак* – аспан), *фатиха* (фатиха), т.б. Оның мәні түркі халықтарының әрқайсысының тіліндегі өзіндік фонетикалық ерекшеліктерін ескерместен, барлығын бір жазу үлгісіне бағындыру еді. Әсіресе, діни ұғымдағы сөздерді дәл жазу, дәл айтуға тырысу мағына дұрыстығын сақтау қажеттілігінен де туған болар. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармасындағы діни лексикалық сөздер тобы

былайша көрініс табады: тәуфик, фани, фатиха, фәрмен, фәрағат, т.б.

Одан кейін ХХ ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы төте жазуында фа (ف) әрпінәліпби құрамынан шығарып тастаған. Яғни фа (ف) әрпі Ахмет Байтұрсынұлының әліпби құрамынан шығарып тастаған әріптердің қатарында тұр: ش, ث, ه, ز, ع, ف, ط, ظ, ص, ذ, ح, خ. Дегемен, араб, парсы сөздерді жазу үшін қолданған. Ғалым бұл таңбаны басқа тілден енген сөздерде ұшырайтын әріптердің қатарына қосады (А. Байтұрсынұлы). Ғалым «Әліпби» оқулығында ф әрпін менгертпесе де, оқытудың әдістемесін түсіндіруде лингвистикалық терминдердің немесе арабтан енген жеке сөздердің құрамында кездесетін ф әрпін талғаусыз қолдана береді. Мәселен, «Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар, қазақ тілінің наху, сарфыда үйретілуге керек» немесе «дыбыс таңбасын хари́ф деп атаймыз, сондықтан жазған сөз ішінде фәлен хари́ф бар дейміз, айтқан сөз ішінде фәлен дыбыс бар дейміз» (А. Байтұрсынұлы).

دبىس تاڭباسىن خارفى دەپ اتايمىز، سوندىقدان جازغان سوز اىچىندە.
فاله ن خارفى باردەيمىز؛ آيتقان سوز اىچىندە فاله ن دبىس بار دەيمىز. دبىس

1-сурет – 1914 жылғы Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақша әліпбе: Оқу құралы» еңбегінен үзінді

1912 жылы Орынборда алғашқы рет басылған Оқу құралы да «Қазақша әліпбе» деген атпен басылып шыққан (А. Байтұрсынұлы, 1912). Ал 1929 жылы латын графикасына негізделген қазақ жазуында ф таңбасы берілмеген. [ф] дыбысының жазылуына байланысты мынадай ереже қабылданған: шеттен кірген сөздерде «ф» орнына «п» жазылады: *фильма – пийлма, физика – пийзіке* (Стенографический отчет, 1929: 107). Ал қазақ тілінде ызың дауыссыз [ф] дыбысы қазақ тілінің шұғыл дауыссыз [п] дыбысына артикуляциялық жағынан жақындау болғандықтан, сөздің барлық позициясында п әрпі таңбаланған: *фабрика – рәвиріг, факт – ракт, философия – рижлосорія, фонд – ронд*, т.б.

1941 жылдан бастап ф әрпі кирил әліпбиі негізіндегі қазақ жазуына енгізіледі. Қаз ССР Халық Комиссарлар Советі жанындағы Үкімет Комиссиясы бекіткен І. Кеңесбаевтың жауапты редакторлығымен 1941 жылы «Қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавиті мен орфографиясының» 18 параграфы кірме в, ц, ч, ф, х әріптеріне арналады:

§ 18. „в“, „ц“, „ч“ әріптері орыс тілі арқылы келген сөздерде қазылаы; „ф“, „х“ әріптері орыс тілі арқылы келген сөздерде де, сықпс тілі арқылы келген кейіңр сөздерде де қазылады („ф“, „х“ әріптерімен келген сөздердің „в“, „ц“, „ч“ орфографиялық сөздерге берілді).

2-сурет – ҚазССР Халық Комиссарлар Советі жанындағы Үкімет Комиссиясы бекіткен І. Кеңесбаевтың жауапты редакторлығымен 1941 жылы «Қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавиті мен орфографиясынан үзінді

Нәтижелер және талқылау

Әуелі араб, парсы тілінен енген және діни дискурста қолданылатын ф әрпі бар сөздердің игерілу, игерілмеу мәселесін қарастырайық. Жоғарыда айтып өткеніміздей ф әрпі бар сөздер ХХ ғасырдың алғашқы кезеңіне дейін араб, парсы тілінен енген

діни сөздерде қолданыс тапты. Қазіргі ауызша және жазба коммуникацияда діни *дискурста қолданылатын сөздерді* қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес *n* әрпімен игеру мүмкін бола бермейді. Мәселен, «мұсылмандық құқықтық ғылым, заң ғылымдарының жиынтығы» мәніндегі *фикх* сөзін, «қағбаға жақын орналасқан үстіне шығып дұға ететін екі төбенің бірі» мәніндегі *сафа* сөзін *тихх, сана* деп игеруге келмейді. *Ф* әрпі құран сүрелері мен аяттарында кездесетіндіктен, құран сөздерін бұрмалап дыбыстауға және транскрипциялауға келмейді. Құран тілі тек 28 әріптен тұратын сөздерді мейлінше дұрыс дыбысталуына және жазылуына мұқият болуын талап етеді. Сондықтан діни дискурста қолданылатын *лексикалық бірліктердің түпнұсқасымен жазылу себебі осы. Мысалы, азраф* (жаннат пен тозақ арасындағы мекен), *зул-хулайфа* (Мәдинаның оңтүстік-батысында 10 шақырым жерде орналасқан Мәдина қаласы арқылы қажылыққа немесе умраға келетіндердің ихрамға кіретін жері), *ифада тауабы* (қажылық кезінде міндетті түрде орындалуы керек амал), *ифрад* (Умра жасамастан бірден қажылық жасау үшін ихрам халіне өтіп орындалатын қажылықтың түрі), *ифтираиш* (намазда оң аяғын тік ұстап, бармақтарын құбылаға қаратып, сол аяғын төсеп, соның үстіне отыру), *кәффарат* (шариғат рұқсат етпеген істі істеп қойған кезде, жаза үшін жасалатын амал немесе берілетін зат), *қусуф намазы* (күндізгі уақытта күннің көзі не оның бір бөлігі тұтылғанда оқылатын намаз), *ләух махфуз* (Алла тағала бүкіл жаратылған нәрселердің тағдырын жазып қойған көктегі сақтаулы кітап), *мұсхаф* (Құран Кәрім кітабы немесе Құран аяттары жазылған парақтардың жинағы), *мүфәссир* (Құран Кәрімге түсіндірме жасаушы адам), халифа, т.б.

Латын жазуына көшкен түркі (түрік, эзербайжан, өзбек, түрікмен) әліпбилерінде *ф* дыбысына арнайы таңба алынған. Бұның себебі түркі тілдерінде қазақ тіліне карағанда араб, парсы тілінен *ф* әрпімен қалыптасқан жалпыхалықтық және діни сөздердің саны көбірек кездеседі. *Өзбек тілінде* **ف** (фа) дыбысы ерін-тіс аралық қатан **ф** дыбысы арқылы дыбысталады. Мысалы: фуқаро, фахм, фурсат, фарз, фан, фикр; ғофил, лафз, нафақа, кафас; сарф, тараф, тавоф (Решетов В.В., 1954.). *Түрік тілінде бұл дыбыс сөздің барлық позициясында f* дыбысымен айтылады. Мысалы: *fan, fukara, fiil, firsat, fen, fikir; gafil, kafen, kefi-l, lafiz, nafaka, kafes, taraf, tavaf, örf* (Türkçe sözlük, 1998). *Эзербайжан тілінде сөздің барлық позициясында көрініс табады: fəhm, fatihə, fəth, hürufi, iftar; küfi; qaf, mötəkiş, müşəf* (Nəriman Fərman oğlu Seyidəliyev, 2015).

Сонымен діни сөздердің құрамындағы *ф* әрпі – түркі халықтарыныңды бысталуында және жазу-сызуында қалыптанып қалған графикалық элемент ретінде игеруді қажет етпейді.

Ғасырлар бойы қолданыста болған *ф* дыбысы артикуляциялық базамызға кеңінен орныққан. Мәселен, *сапфирді сапфир, нефритті нефрит* десек, бұл сөздер өзіне тән стилистикалық мәнінен ажырайды. Сондай-ақ, алтын тастың таза екендігін білдіретін, өзінен кейінгі тіркесетін сөзіне стилистикалық өң беретін лексикалық бірлік – *саф* сөзін *сан* деп игерсек, «қатар» мағынасындағы «сап» сөзімен омоним түзеді.

Сондай-ақ, сөйлеу тілінде *тифу, тифә-тифә, суф-суф* одағайларында *ф* дыбысының экспрессиясы басым. Тіпті сөйлеу тілінде кейде *n* дыбысы *ф* дыбысына ұқсас дыбысталу кездесіп жатады. Бұл жайында З. Базарбаева: «Сөз ағымында *p* дауыссызы позицияға байланысты өзгереді. Мысалы, *qypshaq* – [qyʃshaq], *tapshy* – [taʃshy] деген сөздерде қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде кездеспейтін [ʃ] дыбысы естіледі. *F* дыбысының артикуляторлық сипаты нақ орыстіліндегідей болмағанымен, бірақ соларға жуық айтылады. Келтірілген дыбыс қазақ тілінің төл дыбыстарына жатпаса

да, күнделікті өмірде позицияға байланысты қолданылады», – дейді (*Базарбаева З.*).

Орыс тілі арқылы енген еуропа сөздеріндегі ф әрпі. XVIII-XIX ғғ. жазба мұраларда тек діни сөздерде ғана қолданылған *ф* әрпі бар сөздер XX-XXI ғғ. ақын-жазушылардың шығармаларында орыс тілі арқылы енген еуропа сөздерімен толығады. Мәселен, Абайдың қара сөздерінде *ф* әрпі бар сөздердің саны – 80 болса, қазіргі белгілі жазушы Оразбек Сәрсенбаевтың «Адамның құны қанша?» еңбегінде бар сөздердің саны – 373.

Абайдың қара сөзінде: *зафил, софылық, зафу, шафағат, нәфсі, Софокл, зафур, мухафаза, шариф, әнфағат, дәфғы, Мұхаммед Мұстафа салаллаһу галайһи уәссәлләм, уасифатиһи, фиғыл, сифат, тағриф, мағрифатулла, фиғлия, Алла тағаланың есімдері: Фафу, Нафи, Хафиз, Латиф; шафғат, рафғат, фәрда, таһифа, фида, фитна, мағрифат, муафих, исфат, фатиха, махфи*, т.б.

Жазушы Оразбек Сәрсенбаевтың «Адамның құны қанша?» шығармасында: *тасафуе, мұнафық, хафиз, фәни, куфр, фәнүәи; фетеиизм, шезофрения, библиография, футбол, философ, формация, физика, фармокологиялық, туғли, франуиз, ландшафт, география, фотожурналист, фотон, биосфера, ноосфера, этносфера, демография, арифметика, граф, феодал, фестиваль, формула*, т.б.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының орфограф ғалымдары шет тілінен енген сөздердің құрамында кездесетін кірме таңбаларды қазақтың төл әріптермен таңбаламау себептерін былайша түсіндіреді:

➤ «... латын жазуы кезінде «шеттілдік термин сөздерді жазуда қазақ тілінің дыбыс заңдары негізге алынады» деп қабылданған ереже бойынша бір сөзді әркім өзінше дыбыстап, бірнеше тұлғада таңбалануы қиындық келтіріп отырғанын Қ. Жұбанов, С. Аманжолов сияқты мамандар атап көрсетті. Сондықтан 1940 жылы «орыс жазуын» қабылдағанда, орыс тілінен жаңадан енген сөздер, әсіресе терминдер сол орысша тұлғаланған түрінде өзгертілмей жазылсын» деген ереже осы қиындықтан шығудың амалы ретінде қолайлы болған болу керек» (*Сыздық Р.*). Яғни бұл кезеңде кірме сөздерді игерудің бірнеше нұсқалары жарыса қолданылып, ала-құлалыққа жол берілді, өйткені ғылыми негіздемесі болмады.

➤ «Шыңдығында, бұл кезде қоғамдағы саяси-әлеуметтік өзгерістерге байланысты білім-ғылым, техника саласына қатысты сөздер (терминдер) лек-легімен тілге толассыз еніп жатты. Ал оғанға дейін орыс тіліне негізделген тұрмыстық сөздер (кереует, бәтінке, самаурын т.б.) біртіндеп кірді және олар ондаған жылдардың ішінде ауызша тілдің елегінен өтіп, бірер нұсқада қалыптасты. Ал қазақ жазуының латын мен кириллица кезінде білім-ғылым, техника саласындағы шеттілдік сөздер тілімізге біртіндеп емес, ондап, жүздеп ене бастады. Олар тіпті ауызша тілдің елегінен өтіп үлгермей-ақ, хатқа түсе бастады. Сөйтіп, латын кезінде қабылданған тәуір Ереже жүзеге аспай қалды. Осылайша қазақ жазуында, орыс әліпбиіне көшкенде, шеттілдік сөздерді түпнұсқа түрінде (цитаталық принциппен) жазу принципі қалыптасты» (*Уәли Н.*).

Қазіргі жаһандану үдерісінде жаңа технология қарқынды дамып жатқан заманда тілімізге кірме сөздер орыс арқылы сол түпнұсқа тілдің атауымен әлі де тоқтаусыз еніп жатыр. Бұл үрдіс ғылымның барлық саласына қатысты. 1999 – 2000 жылғы қазіргі салалық сөздіктерде *ф* әрпімен басталатын сөздердің саны 2692-ден (кейбір сөздерді тіркестер құрамында қайталануымен есептегенде) асады. Кейбір салаларда *ф* әрпі бар сөздердің статистикалық көрсеткіші мынадай: медицина терминдерінде – 335; химия

терминдерінде– 374; физика терминдерінде – 144; биология терминдерінде–247; география терминдерінде–75; информатика терминдерінде –78,

Ф әрпімен барлық терминдерді *n* әрпімен игеру мүмкін бе? Әсіресе игеруде қиындық тудыратын – медицина терминдері. Кейбір халықаралық кеңістіктегі жиі қолданылатын медицина терминдері мен жиі пайдаланылатын дәрі-дәрмектердің атауларын игеріп жазу мүмкін емес. Себебі бір сөздің құрамында кездесетін бірнеше кірме таңбаны игеріп жазған жағдайда, мәтін ішінде танылмай қалу қаупі бар. Мәселен, медицина терминдерінде және басқа салалардаекі немесе үш *ф* әрпінен бөлек кірме таңбалардың кездесетінін ескеруіміз қажет: *фиброзофагогастроуденоскопия, факоэмульсификация, фурфурол, фарфор, электрэнцефалограф, аффинограф, люфт-ваффе, феррофосфор*, т.б. Бұдан бөлек сөздіктерге әлі күнге дейін енгізіле қоймаған *фасфут, фри, фишбургер* сияқты т.б.экзотикалық тағам атаулары, әлеуметтік желіде *флеибэк, фидбэк, фавикон* сияқты жаңа атаулар да көбейе түскен. Бұндай кірмелерді фонетикалық принциппен игеру «біркелкі емес және қарама-қайшы тұстары да болады, заңдылықтары да қиын» (Валгина Н, 2003).

Ф әрпімен келетін шеттілдік сөздердің қазақ әдеби тіліміздегі қолданысы қандай? Арасалмағын қарастырып көрейік:

1-кесте – *Ф* әрпінің түсіндірме сөздіктегі қолданысы

Жалпы сөз саны	Діни дискурстағы сөздер	Орыс тілі арқылы енген сөздер
1066	92	974

Қазақ тілінде «ф» таңбасымен келетін сөздер орыс тілі арқылы енген кірме сөздердің барлық позициясында кездеседі:

– бастапқы позицияда – 443 сөз: *филология, фонология, фонема, фонетика, фразеологизм, философ, федерация, фрагмент, фото, фейсбук, фокус, финиш, финал*, т.б.

– ортаңғы позицияда – 479 сөз: *айфон, реформа, профессор, монография (осы модельдегі сөздер), графема, диафрагма, карифей, ландшафт, шрифт, телефон*, т.б.

– соңғы позицияда – 52 сөз: *акселограф, аморф, анаглиф, апостроф, буфер, географ, годограф, гольф, миф,сейф, скиф, тариф, триумф, философ, эпиграф, этнограф*, т.б.

Жинаған мысалдардан байқағанымыз сөздің ортаңғы позициясында кездесетін *ф* әрпінің жиілігі жоғары екендігі анықталды. Себебі ортаңғы позициядағы лексикалық бірліктержиілігі жоғары *форма* (1328), *сфера* (73), *фото* (101), *графия* (120)сөзтудырушы сөздер арқылы жасалады. Сонымен салалық сөздіктердегі тарөрісті сөздерді есептемегенде, 15 томдық қазақ әдеби тілінің сөздігіне кеңөрістік әрпі бар сөздер іріктелініп, сөзтізбеге енгізілгенсөз саны – 1066 болып шығады.

Ономастикада 137 әлемдік прецеденттіккісі есімдерінің 40-тан астамы *ф* әрпімен жазылады. Атап айтқанда, *Конфуций, Христофор Колумб, Александр Флеминг, Пифагор, Карл Фридрих Гаусс, Альфред Кинси, Густав Роберт Кирхгоф, Годфрид Вильгельм Лейбниц, Томос Джеферсон, Иосиф Сталин, Мұстафа Ататүрк, Вольфганг Амадей Моцарт, Сәкен Сейфуллин, Фараби, Фердауси, Физули, Сейф Сарай, Сейфул Мәлік*, т.б. (Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу), 2017). Сонымен қатар көлік маркалары мен бренд атаулары да жеткілікті: *Freightliner; Force Motors, Foden Trucks, Facel Vega, Fioravanti, Ferrari, Fisker; Microsoft, Facebook*,

Wells Fargo, т.б. Халықаралық ақпарат ағымындағы жазба коммуникацияда оңай танылу үшін аталмыш танымал кісі есімдерін *ф* әрпімен транслитерациялап, ал бренд, марка атауларын халықаралық кеңістіктегі орфограммасымен қалдырылған жөн.

Қорытынды

Бүгінгі сөздік қорымыздағы орыс тілінен енген сөздерді игерудің тілдік механизмдерімен тереңірек айналысып жүрген фонетист-маман А. Фазылжанның «...орыс тілі арқылы енген 14 600-ден астам шеттілдік сөздің шамамен 2000-ның құрамында *ф* әрпі бар» деген статистикалық көрсеткішіне сәйкес келеді (Фазылжанова А, 2019). Жалпы біздің әртүрлі нормативті сөздіктерден жинақтаған *ф* әрпі бар сөздердің саны 2000-нан асады.

Ұзақ жылдар бойы қоғамның артикуляциялық базасында орын алған *ф* әрпі бар сөздерді игеріп орфографиялауда ұзақ мерзімді қажет етеді. Себебі орыс тілінің дыбыстық моделі мен орфограммасы қалыптасып кеткен қазіргі қазақ тілін тұтынушылардың контингенті әртүрлі (орыс тілді орта, қазақ тілді орта). Олардың лингвопсихологиялық, лингвоәлеуметтік деңгейін ескере отырып, алдағы уақытта игерудің орфографиялық ұтымды тетіктерін белгілеп, бірте-бірте игерген жөн деп есептейміз. Кірме сөздерді игерілуі жайында орыс лингвистері былай дейді: «Для того, чтобы произошло заимствование, необходимо наличие определенного рода психологических предпосылок, настроаятносоциума, программирования его языкового сознания и восприятия» (Клементьева Е). А. Фазылжанованың пікірінше, «П немесе Б дыбысы арқылы игеруге болады. Алайда *Pzulli* немесе *Bzulli*, *sap*, *Parab* немесе *Barab*; *putbol* немесе *butbol*, *pölklor* немесе *böklor*; *pospor* немесе *bosbor*, *poton* немесе *boton* деп өзгерту бұл сөздердің танылуын қиындатады. Сол себепті әліпбиге Ff таңбасы алынды: *Fzulli*, *saf*, *Farab*; *futbol*, *federasia*, *fölklor*, *fosfor*, *foton*» (Фазылжанова А).

Ф әрпінің латынграфикалы жаңа әліпби құрамына алынудың төмендегідей себептерін атап өтейік:

біріншіден, *ф* – ұзақ мерзімде етене болған кіріккен дыбыс, қазақ тілінің артикуляциялық базасында кеңінен орын алған, сондықтан қазіргі қоғамның лингвопсихологиялық, лингвоәлеуметтік деңгейі ескерілді;

екіншіден, діни дискурста *ф* дыбысының мәртебесі жоғары, бұл таңба сөздің діни мазмұнын арттырып, стильдік мақсатта жұмсалады;

үшіншіден, латын графикасына өткен туыстас түркі тілдерінде (түрік, әзербайжан, өзбек, түрікмен) ортақ қолданылатын діни сөздердің графикалық әрі семантикалық тұрғыдан алшақтатпайды;

төртіншіден, *ф* әрпімен келетін 2000-нан аса сөзтәрәрісті кәсіби терминдер. Олардың барлығы қазақ тілінің әуезіне бейімделгенмен, оқылым мен жазылымды тежейді;

бесіншіден, еуропа тілінен енген кейбір кірме сөздердің құрамында *ф* әрпінен бөлек қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес игерілетін екі немесе үш кірме таңба болған жағдайда мәтін ішінде танылуын қиындатады;

алтыншыдан, дыбысталуы ұқсас сөздерді жазуда ажыратады. Мысалы, *шифр/шипр* – *шипр*; *саф/сап* – *сап*, *фар/нар* – *нар*, *фа/на* – *на*, т.б.

Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы зерттеу аясында әзірленді.

Information about the author:

Seitbekova Ainur – candidate of philological Sciences, leading scientific positions of the Akhmet Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, E-mail: Ainurseit@mail.ru.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Jones D. (1942) Problems of a National Script for India. Hertford.– 420s.
- Nəriman Fərman oğlu Seyidəliyev. Dini terminlər lüğəti (artırılmış və təkmilləşdirilmiş 2-ci nəşri). –Bakı, «Elm və təhsil», 2015, 132 səh.
- Türkçe sözlük (1998) –Ankara: Türk dil kurumu yayınları. – 2523 s.
- Welsh J.W. (1964) Linguistic Factors in the Evolution of the Alphabet. – Proceedings of the 9-th International Congress. The Hague, – 500 s.
- Базарбаева З. (2019) Қазіргі айтылым нормалары мен жазылым арақатынасы/ <https://ult.kz/>. 13 желтоқсан,
- Байтұрсынұлы А. (1914) Қазақша әліфбе: Оқу құралы. – Орынбор. – 97 б.
- Байтұрсынұлы А. (1924) Тіл құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. – Орынбор. – 46 б.
- Валгина Н.С. (2003) Активные процессы в современном русском языке [Текст]: учеб. пособие /– М.: Логос. – 304 с.
- Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу). (2017) 2-кітап. – Алматы.
- Клементьева Е.В. (2014) Адаптация иноязычных заимствований в русском языке/ 11 Историческая и социально-образовательная мысль. – Краснодар. – С. 260-263.
- Қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавиті мен орфографиясы (1941) – Алматы: Қазақ Мемлекеттік баспасы. – 32 б.
- Решётов В.В. (1954) Узбекский язык. – Ташкент: Учпедгиз Уз ССР. – Ч.1. – 359 с.
- Стенографический отчет научно-орфографической комиссии созданной 2-4.06. 1929 г. научно-методическим советом НКП и ЦКИКА. – Кызылорда, 1930.–482с.
- Сыздық Р. (1993) Тағы да бүгінгі емлеміз жайында /Егемен Қазақстан. 27 наурыз.
- Уәли Н.М. (2018) Графика. Орфография. Орфоэпия.– Алматы. – 250 б.
- Фазылжанова А. (2020) Әліпби қалай жетілдірілді/<https://anatili.kazgazeta.kz/>.11 сәуір.

REFERENCES

- Jones D. (1942) Problems of a National Script for India. Hertford,1942.– 420s. (in English)
- Nəriman Fərman oğlu Seyidəliyev. (2015) Dini terminlər lüğəti (artırılmış və təkmilləşdirilmiş 2-ci nəşri). –Bakı, «Elm və təhsil».–132 səh. (in Turkish)
- Türkçe sözlük. (1998) –Ankara: Türk dil kurumu yayınları. – 2523 s.(in Turkish)
- Welsh J.W. (1964) Linguistic Factors in the Evolution of the Alphabet. – Proceedings of the 9-th International Congress. The Hague, 1964.– 500 s. (in English)
- Bazarbaeva Z. (2019) Qazirgi aytilim normalari men jazilim araqatnasi/ <https://ult.kz/>. 13 jeltoqsan.(in Kazakh)
- Baytursynuly A. (1914) Qazaqsha alifbe: Oqw qurali. – Orınbor. – 97 b. (in Kazakh)
- Baytursynuly A. (2003) Til qural. Dibis juyesi ham türleri. – Orınbor, 1924. – 46 b. (in Kazakh)
- Valgina N. S. (2003) Aktivnie processy v sovremennom russkom yazike [Tekst]: wçeb.

posobie /– M.: Logos. – 304 s. (in Russian)

[Jaña ultıq älipbi: Qazaq jazwın jañğırtw (ğılımı-tiltanımdıq zerttew)]. 2-kitap. – Almatı, 2017. – 1150 b. (in Kazakh)

Klementeva E.V. (2014) Adaptaciya inoyaziçnıx zaimstvovaniy v rwsskom yazıke/ İstorıçeskaya i sociälno-obrazovatel'naya misl. – Krasnodar. – S. 260-263. (in Russian)

Qazaq tiliniñ orıs grafikasına negizdelgen jaña alfaviti men orfografiyası. – Almatı: Qazaq Memlekettik baspası, 1941. – 32 b. (in Kazakh)

Reşyotov V.V. (1954) Wzbekskiy yazık. – Taşkent: Wçpedgiz Wz SSR, 1954. – Ç.1. – 359 s. (in Russian)

Stenografiçeskiy otçet nawçno-orfografiçeskoy komissii sozvannoy 2-4.06. 1929 g. nawçno-metodiçeskim sovetom NKP i CKİKA. – Kızılorda, 1930.– 482 s. (in Russian)

Sızdıq R. (1993) Tağı da bügingi emlemiz jayında /Egemen Qazaqstan. 27 nawrız, 1993. (in Kazakh)

Wäli N.M. (2018) Grafika. Orfografiya. Orfoépiya. – Almatı: 2018. – 250 b. (in Kazakh)

Fazıljanova A. (2020) Älipbi qalay jetildirildi / <https://anatili.kazgazeta.kz/>. 11 cäwir, 2020. (in Kazakh)